

9. Вариативтік компонент сағаттарының есебінен аптасына 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы өткізілуі туралы.

10. 2021-2022 оқу жылы бойынша ішкі тәртіп ережесі. (қосымша).

11. 2021-2022 оқу жылында Лесное елді – мекенінде тұратын білмалушыларды Лесное елді – мекенінен №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебіне автобуспен тасымалдау (қосымша).

12. 2021-2022 оқу жылында педагог қызметкерлерінің 01.09.2021 ж. жүктемесі (қосымша).

13. 2021 жылғы Жан басына қаржыландыру жобасы аясында мектеп материалдық-техникалық қажеттілігі үшін жасалынған жұмыстар есебі.

ТЫҢДАЛДЫ: Баяндамашылар: № 39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің Қамқоршылық кеңес төрағасы Айтбаева Кансулу Жадигеровна күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде жалпылама ақпарат беріп өтті. Мектеп директоры И.Б.Амитжанова күн тәртібіндегі мәселелер жобасына түсінік берді, аталған мәселелерге байланысты дәлелдемелерді 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығын ортаға ұсынды.

Онда, 1. №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі 2021-2022 оқу жылы Мектеп жұмысының күн тәртібі туралы

2. №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің 2021-2022 оқу жылы бойынша сабақ кестесі (қосымша).

3. 2021-2022 оқу жылында №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің 1-11-кластарына арналған қоңырау кестесі.

3.1. Кластағы тәртіпті бақылау, маскалық режимді сақтау, тазалық жағдайлары, мектеп мүлкінің сақталуы, кластардың жуылып, жиналуын қадағалау класс жетекшілердің міндетіне беру туралы.

3.2. Класта өздеріне бекітілген бөлмелерді жинау және жуу күн сайын аула бөлігін қажетіне қарай кемінде аптасына 1 рет жүргізілуін бекіту туралы.

4. 2021-2022 оқу жылында кластардың топтарға бөлініп оқытылуы туралы

5. 2021-2022 оқу жылында Жаратылыстану бағыты бойынша 11 ә сыныпта биология, физика пәндері, 10 а сыныбында химия, информатика, 10 ә сыныбында физика, биология пәндері, 8 а сыныбында химия, 8 ә сыныбында физика, биология пәндері ағылшын тіліне кіріктіріліп оқытылуы.

6. Элективті курс, жеке және топтық сабақтардың сағаттарының бағдарламаларының оқытылуы туралы

7.11 «А», «Ә» сынып жаратылыстану – математикалық бағыты бойынша таңдау пәндерінен физика (4 сағат), география (4 сағат) биология (4 сағат); стандарттық деңгейден кәсіпкерлік және бизнес негіздері (2 сағат) алынды. Вариативтік сағаттар: Абайтану, Физика есептері арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, Химияның негізгі ұғымдарына есептер шығару, Биология және биотехнология, Тарихи білім- ұлттық рух пен ұлттық құндылық.

8.11 «Б» сынып қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша таңдау пәндерінен дүниежүзі тарихы (3 сағат), география (3 сағат); стандарттық деңгейден физика (2 сағат), биология (2 сағат) алынды. Вариативтік сағаттар: Абайтану, Физика есептері арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, Өнеркәсіптегі химия, Құқықтық сауаттылық негіздері, Русское правописание: орфография и пунктуация, Күрделі есептерді шығару жолдары, Тіл мәдениеті.

9. Вариативтік компонент сағаттарының есебінен аптасына 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттіліктер» «Парасаттылық және әдеп»- 5а, ә, б, в кластарында аптасына 1 сағаттан;

«Экология»- 6 а, ә, б, в кластарында аптасына 1 сағаттан;

«Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» - 7а, ә, б, в кластарында аптасына 1 сағаттан;